

ӘОЖ 81'42:070

ҒТАХР 16.21.63

<https://doi.org/10.48371/PHLS.2026.1.80.011>

АМЕРИКАНДЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАР БАСЫЛЫМДАРЫНДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК БАҒЫТТАҒЫ ДИСКУРСТАР

*Жумабаева Д.Е.¹, Загидуллина А.А.²

*^{1,2}Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Қазіргі медиакөністікте американдық публицистика гендерлік дискурстарды қалыптастырып, қоғамдық пікір мен құндылықтарға ықпал етеді. Ол бұқаралық санаға белсенді түрде әсер етіп, гендерлік рөлдер, құқықтар мен міндеттер туралы белгілі бір түсініктерді бекітеді, сондай-ақ әлеуметтік тұрғыдан қабылданатын немесе керісінше, қабылданбайтын мінез-құлық үлгілерін жеткізеді. Публицистика тілі тек ақпараттық емес, сонымен қатар экспрессивтік, прагматикалық және құндылықтық бағыттағы қызметтерді атқарып, бұқаралық санаға ықпал ететін қуатты құралға айналады. Публицистикалық мәтіндерде қолданылатын риторикалық ықпал ету тетіктеріне эмоциялық-бағалаушылық лексика, метафоралар және басқа да экспрессивтік тілдік құралдар жатады.

Зерттеудің мақсаты – американдық публицистикадағы гендерге бағытталған дискурстардың тілдік және прагма-функционалдық ерекшеліктерін талдау, атап айтқанда, тіл арқылы қоғамдық құндылықтар мен нормативтік көзқарастардың қалай қалыптасатынын көрсету.

Талдауға материал ретінде гендерлік мәселелер бойынша кең ауқымды ұстанымдарды көрсететін америкалық *Time*, *Washington Post* және *Ms. Magazine* басылымдарында жарияланған әйелдердің құқықтары, гендерлік зорлық-зомбылық, дискриминация және әйелдердің саясаттағы өкілдігі туралы публицистикалық мәтіндер алынды. Медианың күн тәртібін құрастырып, қоғамдық ұстанымдарды қалыптастыру жолдарын анықтау мақсатында мақалаларға прагма-функционалдық талдау жүргізілді.

Зерттеудің құндылығы медиадискурстың көпқабаттылығын көрсетуінде де жатыр: мәтіндер тек әлеуметтік шындықты бейнелеп қана қоймай, оны белсенді түрде құрастырып, аудиторияға белгілі бір интерпретациялар мен қабылдау шеңберлерін ұсынады. Репродуктивті құқықтар, гендерлік зорлық-зомбылық, дискриминация және әйелдердің саясаттағы өкілдігі туралы публицистикалық материалдар қоғамдық күн тәртібін қалыптастырып, әлеуметтік пікірталастардың бағытын айқындайды. Бұл зерттеу медиамәтіндердегі тілдің бұқаралық санаға ықпал етудің маңызды құралы екенін және сол арқылы идеологиялық ұстанымдар мен әлеуметтік бағдарлардың қалыптасып, орнығатынын дәлелдейді.

Зерттеу нәтижелері америкалық публицистиканың гендерлік дискурсты құрастыру үшін тілдік құралдарды белсенді қолданатынын "ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ" сериясы No. 1 (80) 2026

көрсетті. Сонымен қатар, публицистикалық мәтіндер шындықты жай ғана бейнелеумен шектелмей, оның риторикалық-идеологиялық конструкторы ретінде қызмет ететінін айқындадық.

Зерттеу барысында гендерлік бағыттағы публицистикалық мәтіндердің тілдік және прагма-функционалдық ерекшеліктерін талдау арқылы тілдің қоғамдағы гендерлік құндылықтар мен әлеуметтік нормаларды қалыптастырудағы ғылыми маңыздылығы анықталды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы медиадискурстарды талдау кезінде, сондай-ақ медиасауаттылық пен қазіргі қоғамдағы гендерлік мәселелерді сыни тұрғыдан бағалау мақсатында зерттеу нәтижелерін қолдану мүмкіндігінде болып табылады.

Тірек сөздер: медиакеңістік, медиадискурс, медианарративтер, гендерлік тақырыптағы публицистикалық мәтіндер, медиалық ықпал, гендерлік теңдік, прагма-функционалдық талдау, публицистикалық мәтіндердің тілдік ерекшеліктері

Кіріспе

Заманауи бұқаралық ақпарат құралдары тілдік құрал арқылы қоғамдық сана, әлеуметтік нормалар және мәдени құндылықтардың қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Бұл тұрғыда публицистикалық медиа дискурстың гендерлік аспектісі ерекше назар аударуды қажет етеді, әсіресе американдық жаңалық басылымдарында, өйткені мұнда тіл гендерлік мәселелермен байланысты шындықты бейнелеу және құрастырудың негізгі құралы болып табылады.

Зерттеудің өзектілігі гендерлік идентификация, дискриминация, репродуктивтік құқықтар мен зорлық-зомбылық мәселелеріне деген өсіп келе жатқан қызығушылықпен байланысты. Американың Time сияқты жетекші басылымдарындағы жарияланымдар қазіргі әлеуметтік қақтығыстарды бейнелеп қана қоймай, қоғамдық пікірталастардың бағытын белгілеп, көпшілікке қолайлы және қолайсыз ұстанымдардың шеңберін анықтайды. Гендерлік-бағдарланған дискурстарды талдау ерекше маңызға ие, себебі дәл осы дискурстар арқылы гендерлік мәселелер репрезентацияланып, интерпретацияланады, үстем әлеуметтік ұстанымдар көрініс тауып, стереотиптік рөлдер бекітіледі.

Қазіргі қоғамда ақпараттық жүктеменің деңгейі өте жоғары, ал медиадискурс қоғамдық пікірді қалыптастыруда және көпшілік санасына әсер етуде маңызды рөл атқарады [1, 341 б.]

Бұқаралық ақпарат құралдары, әсіресе ірі жаңалық басылымдары, бұл үдерісте саяси, мәдени және қоғамдық контекстерді байланыстырушы медиативтік функцияны орындайды. Атап айтқанда, публицисттер қолданатын лексикалық және риторикалық стратегиялар гендерлік проблематиканың аудитория назарында болуын және оның қалай интерпретацияланатынын анықтайды.

Медиадискурстағы тіл гендерлік мәселелермен байланысты белгілі бір модельдер мен стереотиптердің қалыптасуына және таралуына ықпал ететін маңызды механизм болып табылады.

Ж.А. Татыева мен А.А. Загидуллина пікірінше, дискурсты ұйымдық идентификацияны қалыптастыру мен репрезентациялаудың негізгі механизмі ретінде қарастырады, яғни ресми мәтіндер мен қоғамдық коммуникация барысында белгілі бір құндылықтық бағдарлар мен әлеуметтік миссияның қалайша қалыптастырылатынын талдайды. Мұндай контексте дискурс тек бейтарап ақпараттандыру құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар идеологиялық ықпал етудің тетігі ретінде көрініс табады, өйткені осы арқылы үстем әлеуметтік ұстанымдар мен нормативтік түсініктер бекітіледі. Бұл тәсіл гендерлік бағыттағы медиамәтіндерді зерттеу үшін де ерекше маңызды болып табылады [2].

Қоғамның гендерлік қысым көрсетуді жеке қабылдау мен оны заңды-институционалдық тұрғыдан анықтау арасындағы алшақтық ғылыми зерттеулердің басты нысанына айналды. Себебі бұл алшақтық қысымның алдын алуға бағытталған саясаттың тиімді жүзеге аспауының бір себебі ретінде қарастырылады [3].

Норман Фэйрклафтың идеяларына сүйене отырып, ол тілді идеология мен биліктің қалыптасуының негізгі элементі ретінде қарастыратынын атап өтуге болады. Ол жаңалық басылымдарындағы гендерлік бағыттағы дискурстардың әлеуметтік шындықты бейнелеп қана қоймай, оны белсенді түрде құрастыратынын айтады. Публицистикалық мәтіндердің тілі үстемдік етуші гендерлік идеологияларды қайта өндіру мен өзгерту механизміне айналады, мұнда белгілі бір лексикалық және грамматикалық құралдарды таңдау әйелдердің теңдігі, зорлық-зомбылық және дискриминация туралы түсініктерді қалыптастыруға тікелей әсер етеді [4].

Дебора Кэмеронның пікірі бойынша, тіл жай ғана коммуникация құралы емес, гендерлік идеологиялар мен идентификацияларды қолдау мен қайта өндірудің маңызды механизмі болып табылады [5].

Америкалық жаңалық басылымдары әйел бейнесін түрлі гендерлік стереотиптер мен рөлдер призмасы арқылы ұсынады, бұл олардың публицистикалық-медиа материалдарынан көрінеді. Зерттеулерде атап өтілгендей, феминизм және гендерлік теңдік идеяларын ілгерілетуге қарамастан, БАҚ-та әйелдерді бейнелеуде белгілі бір шаблондар әлі де бар [6].

Карасик В.И. тіл жеке тұлғаның дүниетанымдық бейнесін ғана емес, оның әлеуметтік рөлдері мен идентификацияларын, соның ішінде гендерлік мағыналарды айқындайтын ерекше «тілдік шеңберді» қалыптастырады деп есептейді және дискурсты әлеуметтік шындықтардың конструкторы ретінде қарастырады. Осы тұрғыда тілдік құралдар, концептілер мен категориялар гендерлік түсініктердің қалыптасуы мен бекітілуінде маңызды рөл атқарады. Оның идеялары американдық басылымдардың публицистикалық мәтіндеріндегі әйелдердің бейнелері мен әлеуметтік

рөлдерін құрастыратын тілге қатысты жоғарыда аталған тұжырымдармен үндеседі. Ол медиадискурстың гендерлік стереотиптер бекітілетін, қайта қаралатын немесе бұзылатын «тілдік шеңберді» қалыптастыратынын атап өтеді [7].

Л. Литосселити тілді гендерлік идентификациялар мен әлеуметтік қарым-қатынастардың қалыптасуында, қолдауында және өзгеруінде маңызды рөл атқарады деп атап көрсетіп, гендерді статикалық категория емес, коммуникация барысында тіл мен дискурсивті тәжірибелер арқылы қалыптасатын құбылыс ретінде қарастырады [8].

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Осы зерттеу жұмысында прагма-функционалдық талдау әдісі қолданылды. Прагма-функционалдық талдау әдісін қолдану нәтижесінде америкалық жаңалықтар басылымдарындағы гендерлік бағыттағы дискурстардың коммуникативтік және прагматикалық қырлары айқындалды. Сонымен қатар, мәтіндердің оқырман санасына ықпал ету стратегиялары, мақсатты әсер ету тетіктері және дискурстық ықпал ету механизмдері жан-жақты қарастырылды. Бұл әдіс мәтіндерде қолданылатын тілдік құралдардың (бағалауыштық лексика, экспрессивті бірліктер, дискурсивті маркерлер) қандай прагматикалық қызмет атқаратынын және олардың қоғамдық санада гендерлік түсініктердің қалыптасуы мен орнығуына ықпалын айқындауға мүмкіндік берді.

Прагма-функционалдық талдау барысында гендерлік тақырыптағы публицистикалық мәтіндердегі авторлық интенция, адресатқа бағытталған персуазивті стратегиялар, бағалауыштық позиция және дискурстық құрылым ерекшеліктері талданды. Сонымен қатар, мәтіндерде берілетін қоғамдық пікір мен идеологиялық бағдардың тілдік құралдар арқылы қалыптасу ерекшеліктері анықталды.

Зерттеу материалы ретінде американдық жаңалықтар басылымдарында жарияланған гендерлік бағыттағы медиамәтіндер пайдаланылды. Материалдар әйел құқықтары, гендерлік теңдік, гендерлік зорлық-зомбылық, дискриминация және әлеуметтік әділеттілік мәселелерін қамтитын публицистикалық мақалалардан іріктелді. Мәтіндер бұқаралық ақпарат құралдарының ресми сайттарынан және ашық интернет дереккөздерінен алынды.

Нәтижелер мен талқылау

1) TIME журналында «*She Wasn't Able to Get an Abortion. Now She's a Mom. Soon She'll Start 7th Grade*» тақырыбымен жарияланған алғашқы мақалада Миссисипиден шыққан 13 жастағы зорлық-зомбылық құрбанының оқиғасы баяндалады, ол штаттың қатаң заңнамасына байланысты аборт жасата алмай, ана атанған [9].

Мәтінде бағалауыштық лексика оқырманның эмоциялық қабылдауын

күшейтіп, оқиғаға белгілі бір моральдық баға беруге бағытталғанын байқаймыз.

Мысалы:

1. *“nobody is smiling”*
2. *“the room feels like a hiding place”*
3. *“no baby presents or toys in the room”*

Экспрессивті бірліктер

Бұл жерде экспрессивті бірліктер оқырманның эмпатиясын тудырып, мәтіннің эмоционалды әсерін күшейтеді.

Мысалы:

1. *“Almost nobody knows that Peanut exists”*
2. *“I broke down.”*
3. *“Not good. Not happy.”*

Дискурсивті маркерлер

Мәтін дискурсивті маркерлер арқылы оқырманды логикалық түрде авторлық идеяға жетелейді және қорытындыны «табиғи» етіп көрсетеді.

Мысалы:

1. *“But today...”*
2. *“So Ashley did what girls with no other options do: she did nothing.”*
3. *“Of course...”*

Автор тұрмыстық ұсақ детальдар арқылы трагедияны шынайы етіп көрсетеді.

Мысалы:

1. *“fiddling with the plastic hospital bracelets still on her wrists”*
2. *“Peanut... asleep in a car seat at her feet”*
3. *“brown patterned curtains are drawn”*

Қарама-қарсылық тәсілі трагедия мен әлеуметтік жүйенің салқын реалиясын қатар береді.

Мысалы:

1. *“Ashley was discharged... but there are no baby presents...”*
2. *“Mississippi’s abortion ban contains narrow exceptions... these exceptions are largely theoretical.”*

Қоғамдық санаға ықпалы

Мәтіндегі тілдік құралдар гендерлік түсініктерді “victimhood–powerlessness–systemic injustice” моделінде қалыптастырады.

Мысалы:

1. *“an innocent child doing what children do”*
2. *“she may have been too traumatized to speak”*
3. *“she is a mother now.”*

Авторлық интенция

Автордың негізгі мақсаты жасөспірімнің зорлық нәтижесінде жүкті болуы арқылы абортқа тыйым салудың әлеуметтік салдарын көрсету және оқырманды белгілі бір позицияға итермелеу.

Мысалы:

1. *“Ashley lives in the heart of abortion-ban America.”*
2. *“So Ashley did what girls with no other options do: she did nothing.”*
3. *“Dobbs has compounded America’s maternal-health crisis.”*

Персуазивті стратегиялар

Жалпы қоғамдық мәселе бір кейіпкердің өмірі арқылы беріледі.

Мысалы:

1. *“Ashley was raped by a stranger...”*
2. *“Soon she’ll start seventh grade.”*

Драматизация стратегиясы

Оқиға трагедия ретінде құрылып, психологиялық қысым сезімі беріледі.

Мысалы:

1. *“nobody is smiling”*
2. *“the room feels like a hiding place”*
3. *“Ashley’s face goes blank again.”*

Дискурстық құрылым ерекшеліктері

Мәтін классикалық медиа-дискурс құрылымымен беріледі: жеке оқиға → әлеуметтік проблема → статистика → саяси заң → жүйелік дағдарыс → трагедиялық қорытынды.

Мысалы:

1. *“In the fall of 2022...”*
2. *“On Jan. 11...”*
3. *“In their June 2022 decision...”*
4. *“Early data suggests...”*
5. *“She is a mother now.”*

2) TIME журналында *«Hip-Hop Needs a #MeToo Reckoning»* тақырыбымен жарияланған келесі мақалада хип-хоп саласында әйгілі атақты тұлғалардан сексуалдық және физикалық зорлыққа ұшыраған бірнеше әйел өз оқиғаларын айтып шыққан. Автор әйелдерге қатысты қысымның жүйелі сипатын көрсету үшін негативті коннотациясы бар лексиканы, экспрессивті бірліктерді және эмоциялық әсері жоғары сөз орамдарын қолданады [10].

Мәтінде бағалауыштық лексика автордың бағалау позициясын айқындап, оқырманға эмоциялық ықпал етуге бағытталған.

Мысалы:

1. *“brutal account”*
2. *“culture of fear”*
3. *“cowardly refusal”*

Экспрессивті бірліктер мәтіннің эмоционалды реңкін күшейтіп, зорлық-зомбылық мәселесін трагедия ретінде көрсетеді.

Мысалы:

1. *“Unfortunately, she will not be the last.”*
2. *“And it’s about time we recognize it.”*

3. *“That their silence has become complicity.”*

4. *“This is the watershed moment we’ve been waiting for.”*

Мәтінде дискурсивті маркерлер авторлық ойды жүйелі түрде дамытып, оқырманды қорытындыға жетелейді.

Мысалы:

1. *“Since...”*

2. *“But...”*

3. *“As a result...”*

Автор нақты есімдер, мерзімдер және медиа дереккөздер арқылы мәтіннің сенімділігін арттырады.

Мысалы:

1. *“November 2023”*

2. *“May 17 by CNN”*

Қарама-қарсылық арқылы әйелдердің зардабы мен индустриядағы ер адамдардың үнсіздігі қатар берілетінін көреміз.

Мысалы:

1. *“have remained silent”*

2. *“silence has become complicity”*

3. *“protect it... even at the cost”*

Мәтіндегі тілдік құралдар гендерлік зорлық мәселесін жүйелі құбылыс ретінде қабылдануға әсер етеді.

Мысалы:

1. *“gender-based oppression”*

2. *“misogynoir”*

3. *“systems of oppression”*

4. *“violence under the rug”*

Бұл мәтіннің негізгі мақсаты — hip-hop индустриясындағы гендерлік зорлық мәселесін көтеріп, оқырманды қоғамдық жауапкершілікке шақыру.

Мысалы:

1. *“why hip-hop needs its own #MeToo movement”*

2. *“it’s about time we recognize it”*

3. *“Change requires...”*

Мәтіннің авторы мәселеге нақты кейстерді мысалға келтіріп, оқырманды сендіруге тырысады.

Мысалы:

1. *“six women survivors and one male survivor”*

2. *“surveillance video released... by CNN”*

3. *“Russell Simmons, Dr. Dre, and L.A. Reid”*

Оқиға қауіпті және үрейлі мәдени орта ретінде сипатталып, драматизация жасалады.

Мысалы:

1. *“culture of fear”*

2. *“continued degradation”*

3. “*violence enacted on Black women*”

Мәтін келесі логикамен беріледі: *нақты оқиға* → *индустриядағы жүйелі мәселе* → *мысалдар* → *қорытынды және үндеу*.

Мысалы:

1. “*Since Ventura...*” (оқиға басталуы)
2. “*So, what drives survivors...*” (қорытынды сұрақ)
3. “*Change requires...*” (үндеу)

3) The Washington Post басылымында «*Elon Musk calls claims of sexual misconduct ‘politically motivated’*» атты мақалада, Илон Маскқа қатысты жыныстық қудалау айыптауларына арналған, онда SpaceX компаниясы 2018 жылғы оқиға бойынша ұшақ қызметшісіне 250 000 доллар өтемақы төлегені айтылған, ал Маск бұл айыптауларды үзілді-кесілді жоққа шығарып отыр [11].

1. Бағалауыштық лексика

Мәтінде бағалауыштық бірліктер екі тарапты да көрсетеді: айыптау және қорғаныс.

Мысалы:

1. “*sexually harassed*”
2. “*politically-motivated hit piece*”
3. “*wild accusations*”
4. “*utterly untrue*”

Бұл лексика қақтығыстық, саясиленген дискурсты қалыптастырады.

2. Экспрессивті бірліктер

Экспрессия драматизация арқылы беріледі.

Мысалы:

1. “*completely naked except for a sheet*”
2. “*exposed his genitals*”
3. “*offered to buy her a horse*”

Ал

Маск

тарапынан:

6. “*describe just one thing... She won't be able to do so.*”

7. “*Elongate as scandal name.*”

Бұл тілдік құралдар оқиғаны сенсациялық сипатқа енгізеді.

3. Дискурсивті маркерлер

Аргументация кезең-кезеңімен дамиды.

Мысалы:

1. “*According to Insider...*”
2. “*The Post has not independently verified...*”
3. “*In a series of tweets...*”
4. “*Moreover...*”
5. “*Finally...*”

Бұл маркерлер дереккөздер арасындағы қашықтықты және тепе-теңдікті көрсетеді.

4. Мәтінді негіздеудің дискурсивтік құралдары

Мәтін сенімділікті арттыру үшін бірнеше стратегия қолданады:

1. *Нақты сома*: \$250,000
2. *Нақты жыл*: 2018
3. *Ұйым атаулары*: Insider, SpaceX, Tesla
4. *Лауазымды тұлғалар*: Christopher Cardaci
5. *Акциялар динамикасы*: 8.7% төмендеу

Сонымен қатар “The Post has not independently verified” формуласы медианың өзін-өзі сақтандыру стратегиясын көрсетеді.

5. Концептуалдық деңгей

Негізгі концептілер:

1. *Sexual misconduct*
2. *Settlement*
3. *MeToo era*
4. *Media accountability*

Гендерлік зорлық мәселесі саяси күрес контекстіне енгізіледі.

6. Коммуникативтік-прагматикалық мақсат

Мәтіннің мақсаты айыптауларды хабарлау және екі тараптың ұстанымдарын көрсету. Сонымен қатар, бұл оқиға саясат және медиа кеңістігіндегі ықпал үшін күрес ретінде фреймделеді.

4) Ms.Magazine басылымында «*Discussions About Bullying Too Often Ignore its Unique Impact on Black Girls*» атты мақалада, 10 жастағы Изабелла Фейт Тиченордың мектептегі нәсілшілдікке негізделген ұзақ уақыттық қорлаудың салдарынан өзіне қол жұмсауы туралы баяндалады. Автор қара нәсілді қыздарға қатысты буллингтің жиі еленбей қалатынын және мектеп әкімшілігінің әрекетсіздігі осындай қайғылы жағдайларға жанама түрде себеп болатынын атап көрсетеді [12].

1. Бағалауыштық лексика

Мәтінде бағалауыштық бірліктер эмоционалды-идеологиялық позицияны айқын білдіреді және оқырманды моральдық әсерге итермелейді.

Мысалы:

1. “*gutted me*”
2. “*hellbent on seeing Black girls as too loud*”
3. “*violent and sometimes even death-dealing schools*”

Бұл лексика оқиғаны жеке трагедия емес, құрылымдық зорлық ретінде фреймдейді.

2. Экспрессивті бірліктер

Автор нарративтік және эмоционалды тәсілді қолданады, жеке тәжірибені қоғамдық проблемаға айналдырады.

Мысалы:

1. “*my heart sunk*”
2. “*hit me like a ton of bricks*”
3. “*I braced myself*”
4. “*She didn't know what to do*”

Бірінші жақ формасы (“I thought”, “I remember”) мәтінді куәлік дискурсына жақындатады.

3. Дискурсивті маркерлер

Дәйектеу жүйелі түрде дамиды:

1. *Жеке реакция*

2. *Тарихи параллель (Ja'Meya Jackson)*

3. *Институционалдық немқұрайлылық*

4. Дискурстың негізділігін қалыптастыру құралдары

Мәтін эмоциямен қатар институционалдық деректерге сүйенеді:

1. *U.S. Department of Justice*

2. *Davis School District*

3. *Documentary Bully (2011)*

4. *Нақты есімдер: Isabella Faith Tichenor, Ja'Meya Jackson*

5. Қарама-қарсылық

Мәтінде бірнеше оппозициялық құрылым бар:

1. *Әсемдік символы (beads) ↔ Трагедия*

2. *Қорғауға тиіс мектеп ↔ Қауіпті орта*

3. *Жәбірленуші ↔ Қылмыстық жауапкершілік*

4. *Балалық шақ ↔ Нәсілдік зорлық*

Контраст эмоциялық және идеологиялық шиеленіс туғызады.

6. Концептуалдық деңгей

Негізгі концептілер:

1. *Anti-Black racism*

2. *Ableism*

3. *Bullying*

4. *Structural violence*

5. *Intersectionality (race + gender + disability)*

Мәтін гендерлік және нәсілдік қысымды қиылысқан (intersectional) формада көрсетеді.

7. Коммуникативті-прагматикалық мақсат

Мектептегі буллингті жеке оқиға емес, анти-қара нәсілшілдік жүйелік көрінісі ретінде көрсету және қоғамды жауапкершілікке шақырады.

Мысалы:

1. *“the district was... an accomplice”*

2. *“to ignore that is to have blood on your hands”*

3. *“the reality of racism... are playing out in our classrooms”*

5) Ms.Magazine басылымында «The Missing Voices in the Epstein Files’ Media Commentary: Sexual Assault Prevention Educators» атты мақалада, Эпштейннің қылмыстарын толық түсіну және болашақта осындай оқиғалардың алдын алу үшін маңызды аспект - жүйелі мәдени мизогиния және әйелдер мен қыздарды жыныстық қанаудың кең таралған түрі назардан тыс қалғаны айтылады [13].

1. Бағалауыштық лексика

Мәтінде бағалауыштық лексика жанжалды тек элиталық қылмыс емес, жүйелік гендерлік мәселе ретінде көрсетуге бағытталған.

Мысалы:

1. “*gigantic media spectacle*”
2. “*conspiracy theory come to life*”
3. “*misogyny of rich and powerful men*”

Бұл бірліктер медиалық сенсация ↔ құрылымдық мәселе оппозициясын қалыптастырады.

2. Экспрессивті бірліктер

Автор риторикалық сұрақтар мен контраст арқылы проблематизация жасайды.

Мысалы:

1. “*Or has it?*”
2. “*So why have so few...?*”
3. “*Why are their voices not...?*”
4. “*When was the last time...?*”

Сонымен қатар интенсификация байқалады:

1. “*throw fuel on the populist fire*”
2. “*heap scorn*”
3. “*steady stream of misogynous sexual scripts*”

Экспрессия оқырманды сыни ойлауға итермелейді.

3. Дискурсивті маркерлер

Мәтін аргументацияны кезең-кезеңмен дамытады:

1. *Сенсациялық пролог*
2. *Медианы сынау*
3. *Құрылымдық талдау*
4. *Феминистік перспективаны енгізу*

Мысалы:

1. “*On closer examination...*”
2. “*But...*”
3. “*And yet...*”
4. “*Of course...*”

Бұл маркерлер авторлық позицияның логикалық дамуын көрсетеді.

4. Дискурстың негізділігін қалыптастыру стратегиялары

Автор позициясын заңдастыру үшін:

1. *Нақты есімдер: Molly Jong-Fast, Anand Giridharadas, Rebecca Solnit, Nina Burleigh*

2. *Ұымдар мен институттар: The New York Times*

3. *Нақты жыл: 2008*

Бұл фактілік тіректер дәйектеуді академиялық деңгейге көтереді.

5. Қарама-қарсылық

Мәтінде бірнеше дискурсивтік оппозиция бар:

1. *Media сенсация ↔ Құрылымдық мизогиния*
2. *Құрбандарды мадақтау ↔ Жүйені талдау*
3. *Жеке жауапкершілік ↔ Патриархалдық жүйе*

Контраст арқылы автор медиа фреймді қайта құрылымдайды.

6. Концептуалдық деңгей

Негізгі концептілер:

1. *Cultural misogyny*
2. *Patriarchal system*
3. *Sexual exploitation*
4. *Sexual objectification*

Мәтін Эпштейн ісін гендерлік үстемдік жүйесінің көрінісі ретінде түсіндіреді.

7. Коммуникативтік-прагматикалық мақсат

Медиа дискурстың бағытын элиталық сенсациядан гендерлік құрылымдық талдауға ауыстыру.

Мысалы:

1. *“It’s impossible to understand the scandal fully...”*
2. *“very little attention has been paid...”*
3. *“we’re not really serious about getting to the root causes...”*

Автор қоғамды және медианы терең себептерді мойындауға, мәселені жекелеген тұлғалардың қателігі немесе даулы оқиға деңгейінде ғана емес, жүйелік теңсіздік, институционалдық кемсітушілік және мәдени стереотиптер аясында қарастыруға шақырады.

Америкалық жаңалықтар басылымдары әлемдік медиакеңістікте ерекше орын алады, себебі олар халықаралық деңгейде ықпал ете алатын ақпараттық саясатты жүзеге асырып, қоғамдық пікірдің қалыптасуына белсенді түрде қатысады. Мұндай басылымдарда жарияланған мәтіндер тек оқиға туралы хабарлау мақсатында ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік мәселелерді белгілі бір көзқарас тұрғысынан түсіндіру, бағалау және интерпретациялау функциясын атқарады.

Осы тұрғыда америкалық жаңалықтар басылымдарындағы гендерлік бағыттағы дискурстарды зерттеу қазіргі лингвистикалық ғылым үшін аса маңызды. Гендер мәселесі бүгінгі таңда тек әлеуметтік-саяси немесе мәдени құбылыс ретінде ғана емес, сонымен қатар тілдік категория ретінде де кеңінен қарастырылып келеді.

Сондықтан зерттеуде қолданылған прагма-функционалдық тәсіл медиамәтіннің тек мазмұндық қабатын емес, оның оқырманға әсер ету әлеуетін, бағалаушылық реңкін, әлеуметтік-мағыналық бағдарын және адресаттың қабылдау траекториясын анықтауға мүмкіндік беретінін байқаймыз.

Жоғарыда айқындалған мәтіндерді кешенді салыстыру олардың гендерлік зорлық-зомбылықты әртүрлі дискурсивтік модельдер арқылы қалыптастыратынын көрсетеді. Барлығына ортақ белгі – оқиғаны жай

сипаттаумен шектелмей, оны қоғамдық санада белгілі бір интерпретациялық фреймге орналастыруы және моральдық бағалау ұсынуы.

Алайда айырмашылықтары прагматикалық бағдар мен фреймде көрінеді. Бірінші мәтін жеке трагедиядан институционалдық мәселеге өтетін репортаждық модельге сүйенеді; эмпатия мен драматизация жетекші. Екінші мәтін айыптаушы сипатта, зорлықты мәдени-индустриялық жүйе ретінде бекітеді. Үшінші мәтінде гендерлік айыптау медиалық-саяси қарсыластық кеңістігіне ауысып, моральдық талқылаудан гөрі репутациялық және нарықтық аспектілер алға шығады. Төртінші мәтін интерсекционалдық талдау арқылы гендерлік мәселені нәсілдік және әлеуметтік теңсіздікпен байланыстырып, куәлік нарративін қолданады. Бесінші мәтін метамедиалық позицияға көшіп, сенсациядан құрылымдық мизогинияны ашуға бағытталады.

Демек, гендерлік тақырыптағы дискурс бір ғана репрезентациялық модельмен шектелмейді, ол драматизация, саясиландыру және құрылымдық сын стратегиялары арқылы әртүрлі прагматикалық мақсаттарды жүзеге асырады. Бұл мәтіндердің барлығында тіл тек ақпарат жеткізуші құрал емес, қоғамдық моральдық бағалауды қалыптастыратын, жауапкершілік шекарасын айқындайтын және гендерлік теңсіздікті белгілі бір фреймде бекітетін дискурстық механизм ретінде қызмет етеді.

Қорытынды

Жоғарыда келтірілген материалдарды талдай отырып, берілген нәтижелерді көрсете отырып, америкалық жаңалықтар басылымдарындағы гендерлік бағыттағы дискурстардың прагма-функционалдық табиғаты күрделі әрі көпқырлы екендігі анықталды. Зерттеу барысында гендерлік тақырыптағы медиамәтіндердің құрылымдық ұйымдасуы, бағалауыштық реңкі және ықпал ету тетіктері арқылы қоғамдағы әлеуметтік нормалар мен идеологиялық ұстанымдардың тіл арқылы бекітілетінін айқындадық.

Америкалық медиадискурста гендер мәселесінің тек ақпараттық деңгейде ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік-идеологиялық кеңістікте ұсынылатынын көрсеттік. Атап айтқанда, мәтіндерде гендерлік зорлық-зомбылық, дискриминация, құқықтық шектеулер және теңсіздік мәселелері белгілі бір дискурстық стратегиялар арқылы интерпретацияланып, оқырман санасында моральдық-әлеуметтік бағалау қалыптастыруға бағытталған. Бұл тұрғыда медиамәтіндер қоғамдық пікірді реттеуші және әлеуметтік шындықты құрастырушы құрал ретінде көрініс тапты.

Зерттеу барысында қолданылған прагма-функционалдық талдау әдісі гендерлік бағыттағы мәтіндерде бағалауыштық лексика, экспрессивті бірліктер және дискурсивті маркерлердің прагматикалық қызметін анықтауға мүмкіндік берді. Бірінші мәтінде жеке трагедияны көрсету арқылы қоғамдық дағдарысты ашуға бағытталған персонализация және драматизация стратегиялары басым болса, екінші мәтінде әлеуметтік айыптау, қоғамдық

жауапкершілікке шақыру және идеологиялық позицияны айқын көрсету тәсілдері жетекші орын алды. Бұл ерекшелік медиадискурста гендерлік мәселелердің әртүрлі әлеуметтік контексттерде әртүрлі прагматикалық мақсатта ұсынылатынын дәлелдейді.

Сонымен қатар екі мәтінде де гендерлік түсініктер қоғамдық санада «қорғансыздық», «жүйелік әділетсіздік», «үнсіздік мәдениеті» және «әлеуметтік жауапкершілік» секілді мағыналық модельдер арқылы қалыптастырылатыны байқалды. Америкалық жаңалықтар дискурсында гендерлік тақырыптар көбіне әлеуметтік теңсіздік пен билік қатынастарының көрінісі ретінде сипатталып, адресатқа әсер ету әлеуеті жоғары тілдік құралдар арқылы беріледі.

Осылайша, жүргізілген зерттеу америкалық жаңалықтар басылымдарындағы гендерлік бағыттағы дискурстардың прагматикалық және функционалдық ерекшеліктерін айқындап, медиамәтіндердің қоғамдық санаға ықпал ету механизмдерін анықтауға мүмкіндік берді. Бұл зерттеу нәтижелері гендерлік медиадискурсты әрі қарай кешенді түрде талдауға, сондай-ақ қазіргі лингвистикадағы дискурсология мен прагмалингвистика бағыттарын теориялық тұрғыдан толықтыруға негіз бола алады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Шакенова М. Т., Миятбекова З. У., Джилкишиева М. С., Баймаханбетов М. А. Манипулятивті БАҚ дискурсын зерттеуде корпустық талдау әдістерін қолдану // Известия КазУМОиМЯ им. Абылай хана. Серия «Филологические науки». – 2025. – № 1 (76). – С. 341–356. – DOI: <https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.1.76.023>.

[2] Tatyeva Zh., Zagidullina A.A. Comparative discourse analysis of Kazakhstani universities' organisational identity // Discourse & Communication. – 2023. – Vol. 17. – № 4. – P. 494–521. – DOI: <https://doi.org/10.1177/17504813231163092>

[3] Vohlídalová M. The Perception and Construction of Sexual Harassment by Czech University Students // Sociologický časopis / Czech Sociological Review. – 2011. – Vol. 47. – No. 6. – P. 1119–1147.

[4] Fairclough N. Critical Discourse Analysis: The Critical Study of Language. – London: Longman, 1995. – 265 p.

[5] Cameron D. Gender and Language Ideologies. – Oxford: Oxford University Press, 2003. – 192 p.

[6] Ажгихина Н. И. Гендерные стереотипы в современных массмедиа // Женщины: свобода слова и творчества. – М.: Эслан, 2001. – 224 с.

[7] Карасик В. И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. – Волгоград: Перемена, 2002. – 390 с.

[8] Litosseleti L. Gender and Language: Theory and Practice. – London: Routledge, 2006. – 234 p.

[9] Alter C. She Wasn't Able to Get an Abortion. Now She's a Mom. Soon She'll Start 7th Grade <https://time.com/6303701/a-rape-in-mississippi/> 23.03.2025

[10] Crumpton T. Hip-Hop Needs a #MeToo Reckoning <https://time.com/6992188/hip-hop-metoo-reckoning-essay/> 23.03.2025

[11] Gregg A. Elon Musk calls claims of sexual misconduct 'politically motivated' <https://www.washingtonpost.com/business/2022/05/20/musk-flight-attendant-spacex/> 25.02.2026

[12] Lindsey B. Discussions About Bullying Too Often Ignore its Unique Impact on Black Girls <https://msmagazine.com/2022/01/06/isabella-faith-tichenor-jameya-jackson-bullying-black-girls-racism/> 25.02.2026

[13] Katz J. The Missing Voices in the Epstein Files' Media Commentary: Sexual Assault Prevention Educators <https://msmagazine.com/2026/02/19/epstein-men-protect-experts-masculinity-male-peer-complicit-sexual-assault/> 25.02.2026

REFERENCES

[1] Shakenova M.T., Miyatbekova Z.U., Djilkishieva M.S., Baimakhanbetov M.A. Manipulyativti BAQ diskursyn zertteude korpustыq talдаu adisterin qoldanu [Application of corpus analysis methods in studying manipulative media discourse] // Izvestiya KaZUMOIMYA imeni Abylaj khana. – 2025. – T. 76. – No. 1. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.1.76.023>. [in Kaz.]

[2] Tatyeva Zh., Zagidullina A.A. Comparative discourse analysis of Kazakhstani universities' organisational identity // Discourse & Communication. – 2023. – Vol. 17. – № 4. – P. 494–521. – DOI: <https://doi.org/10.1177/17504813231163092>

[3] Vohlídalová M. The Perception and Construction of Sexual Harassment by Czech University Students // Sociologický časopis / Czech Sociological Review. – 2011. – Vol. 47. – No. 6. – P. 1119–1147.

[4] Fairclough N. Critical Discourse Analysis: The Critical Study of Language. – London: Longman, 1995. – 265 p.

[5] Cameron D. Gender and Language Ideologies. – Oxford: Oxford University Press, 2003. – 192 p.

[6] Azhgikhina N.I. Gendernye stereotipy v sovremennyh massmedia [Gender stereotypes in modern mass media] // Zhenshiny: svoboda slova i tvorchestva [Women: Freedom of Speech and Creativity]. Moscow: Eslan, 2001 – 224 s. [in Rus.]

[7] Karasik V.I. Yazykovoi krug: lichnost, kontsepty, diskurs [Language Circle: Personality, Concepts, Discourse]. Volgograd: Peremena, 2002 – 390 s. [in Rus.]

[8] Litosseleti L. Gender and Language: Theory and Practice. – London: Routledge, 2006. – 234 p.

[9] Alter C. She Wasn't Able to Get an Abortion. Now She's a Mom. Soon She'll Start 7th Grade <https://time.com/6303701/a-rape-in-mississippi/> 23.03.2025

[10] Crumpton T. Hip-Hop Needs a #MeToo Reckoning <https://time.com/6992188/hip-hop-metoo-reckoning-essay/> 23.03.2025

[11] Gregg A. Elon Musk calls claims of sexual misconduct 'politically motivated' [Electronic resource]. <https://www.washingtonpost.com/business/2022/05/20/musk-flight-attendant-spacex/> 25.02.2026

[12] Lindsey B. Discussions About Bullying Too Often Ignore its Unique Impact on Black Girls <https://msmagazine.com/2022/01/06/isabella-faith-tichenor-jameya-jackson-bullying-black-girls-racism/> 25.02.2026

[13] Katz J. The Missing Voices in the Epstein Files' Media Commentary: Sexual Assault Prevention Educators <https://msmagazine.com/2026/02/19/epstein-men-protect-experts-masculinity-male-peer-complicit-sexual-assault/> 25.02.2026

ГЕНДЕРНО-ОРИЕНТИРОВАННЫЕ ДИСКУРСЫ В АМЕРИКАНСКИХ НОВОСТНЫХ ИЗДАНИЯХ

*Жумабаева Д.Е.¹, Загидуллина А.А.²

*^{1,2}ҚазУМОиМЯ им.Абылай хана, Алматы, Қазақстан

Аннотация. В современном медиапространстве американская публицистика формирует гендерные дискурсы и влияет на общественное мнение и ценности. Она активно воздействует на массовое сознание, закрепляя определённые представления о гендерных ролях, правах и обязанностях, а также транслируя модели поведения, которые воспринимаются как социально приемлемые или, наоборот, отвергаемые. Язык публицистики выполняет не только информационную функцию, но также обладает экспрессивной, прагматической и ценностно-ориентированной функциями, превращаясь в мощный инструмент воздействия на массовое сознание. Риторические механизмы воздействия, используемые в публицистических текстах, включают эмоционально-оценочную лексику, метафоры и другие экспрессивные средства языка.

Целью данного исследования является анализ языковых и прагма-функциональных особенностей гендерно-ориентированных дискурсов в американской публицистике, а также выяснение того, каким образом через язык формируются общественные ценности и нормативные представления.

Материалом для анализа послужили тексты, опубликованные в американских журналах *Time*, *Washington Post* и *Ms. Magazine* отражающие широкий спектр позиций по вопросам, связанные с правами женщин, гендерном насилии, дискриминации и представительстве женщин в политике. Проведён прагма-функциональный анализ статей через которые медиа конструируют повестку и формируют общественные установки.

Ценность исследования заключается и в том, что оно показывает многослойность медиадискурса: тексты не только отражают социальную действительность, но и активно её конструируют, предлагая аудитории определённые интерпретации и рамки восприятия. Публицистические материалы о репродуктивных правах, гендерном насилии, дискриминации и политическом представительстве женщин формируют повестку дня и задают направление общественным дискуссиям. Это исследование показывает, что язык в медиатекстах является важным инструментом воздействия на массовое сознание и именно через него формируются и закрепляются идеологические установки и социальные ориентиры.

Результаты исследования показали, что американская публицистика активно использует языковые средства для конструирования гендерного дискурса. Кроме того, установлено, что публицистические тексты не ограничиваются простым отражением реальности, а функционируют как риторико-идеологические конструкции.

В ходе исследования, посредством анализа лингвистических и прагма-функциональных особенностей гендерно-ориентированных публицистических текстов, была выявлена научная значимость языка в формировании гендерных ценностей и социальных норм в обществе.

Практическая значимость связана с возможностью применения полученных результатов при анализе медиадискурса, а также в целях развития медиаграмотности и критического осмысления гендерной проблематики в современном обществе.

Ключевые слова: медиапространство, медиадискурс, медианарративы, публицистические тексты гендерной тематики, медиавоздействие, гендерное равенство, прагма-функциональный анализ, языковые особенности публицистических текстов

GENDER-ORIENTED DISCOURSES IN AMERICAN MEDIA NEWS

*Zhumabayeva D.Y.¹, Zagidullina A.A.²

*^{1,2}Kazakh Ablai khan UIR&WL, Almaty, Kazakhstan

Abstract. In the modern media space, American publicistic discourse shapes gender discourses and influences public opinion and values. It actively impacts mass consciousness by reinforcing certain notions of gender roles, rights, and responsibilities, as well as by transmitting behavioral models perceived as socially acceptable or, conversely, rejected. The language of publicistic discourse performs not only an informative function but also expressive, pragmatic, and value-oriented ones, becoming a powerful tool for influencing public consciousness. The rhetorical mechanisms of influence used in publicistic texts include emotionally evaluative vocabulary, metaphors, and other expressive linguistic means.

The objective of this study is to analyze the linguistic and pragma-functional characteristics of gender-oriented discourses in American publicistic media, with a particular focus on how language shapes social values and normative perspectives.

The material selected for analysis includes articles published in the American magazines such as *Time*, *Washington Post* and *Ms. Magazine* which reflect a broad spectrum of positions on rights of women, gender-based violence, discrimination, and women's political representation. A pragma-functional analysis of articles was conducted to reveal how the media construct agendas and shape public attitudes.

The value of the study also lies in demonstrating the multilayered nature of media discourse: texts not only reflect social reality but also actively construct it, offering audiences specific interpretations and frameworks of perception. Publicistic materials on reproductive rights, gender-based violence, discrimination, and women's political representation shape the public agenda and set the direction of social debates. This research demonstrates that language in media texts is an important tool for influencing mass consciousness, through which ideological attitudes and social orientations are formed and reinforced.

The results of the study demonstrated that American publicistic discourse actively employs linguistic means to construct gender discourse. Moreover, it was found that publicistic texts do not merely reflect reality but function as rhetorical and ideological constructs.

Through the analysis of the linguistic and pragma-functional features of gender-oriented publicistic texts, the scientific significance of language in shaping gender values and social norms in society was identified.

Its practical relevance is found in the potential application of the research findings in the analysis of media discourse, as well as in enhancing media literacy and encouraging critical engagement with gender issues in contemporary society.

Keywords: media space, media discourse, media narratives, publicistic texts on gender topics, media influence, gender equality, pragma-functional analysis, linguistic features of publicistic texts

Мақала түсті / Статья поступила / Received: 04.11.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 26.03.2026.

Авторлар туралы мәлімет:

Жумабаева Динара Ерсеновна – педагогика ғылымдарының магистрі, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0001-9748-9831>, e-mail: diko_23_04@mail.ru

Загидуллина Алия Адамбековна – филология ғылымдарының докторы, профессор, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0001-8221-8932>, e-mail: aluth@mail.ru

Информация об авторах:

Жумабаева Динара Ерсеновна – магистр педагогических наук, Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0001-9748-9831>, e-mail: diko_23_04@mail.ru

Загидуллина Алия Адамбековна – доктор филологических наук, профессор, Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0001-8221-8932>, e-mail: aluth@mail.ru

Information about the authors:

Zhumabayeva Dinar Yersenovna – Master of Pedagogical Sciences, Kazakh Ablai Khan University of international Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0001-9748-9831>, e-mail: diko_23_04@mail.ru

Zagidullina Aliya Adambekovna – Doctor of Philology, Professor, Kazakh Ablai Khan University of international Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0001-8221-8932>, e-mail: aluth@mail.ru